

Сандықтау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 27 наурыздағы № А-3/55 "Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № А-10/229 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 қазанда № 1-16-135 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № А-13/407 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 25.12.2013 № А-13/407 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Сандықтау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 28/8 «Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін білім мамандарының лауазымдарының тізбесін келісу туралы» шешімінің негізінде, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сандықтау ауданы әкімдігінің «Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесін анықтау туралы» 2008 жылғы 27 наурыздағы № А-3/55 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 1-16-77 нөмірімен тіркелген, «Сандыктауские вести» газетінде 2008 жылдың 14 мамырында жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамтамасыз ету, білім және мәдениет мамандарының лауазымдарының тізбесіндегі:

3 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«3. Білім мамандарының лауазымдары: мемлекеттік мекеменің, қазыналық кәсіпорынның басшысы, орынбасары;

барлық мамандықтың мұғалімдері;

м ұ ғ а л і м ;

п е д а г о г - п с и х о л о г ;

ә д і с к е р ;
и н с т р у к т о р ;
м а с т е р ;
т ә р б и е ш і ;
в о ж а т ы й ;
м у з ы к а л ы қ ж е т е к ш і ;
к і т а п х а н а ш ы ;
м е д и ц и н а л ы қ б и к е ;
л а б о р а н т ;
к і т а п х а н а м ең г е р у ш і с і ;
ә л е у м е т т і к п е д а г о г ;
п е д а г о г - ұ й ы м д а с т ы р у ш ы . » .

2. Сандықтау ауданы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі

Қ.Сүйіндіков